

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІНІҢ
ОРЫНБАСАРЫ



ЗАМЕСТИТЕЛЬ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№ _____

Қазақстан Республикасы
Парламентінің Мәжілісіне

2022 жылғы 18 қаңтардағы
№ ДС-28 хатқа

Құрметті депутаттар!

Ашаршылық және саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алуға қатысты сауалыңызды қарап, мынаны хабарлаймын.

Қазақстан Республикасындағы мерекелік күндердің тізбесіне сәйкес 31 мамыр күні Саяси қуғын сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күні болып белгіленген. Осы атаулы күн аясында республика бойынша еске алу шаралары мен экскурсиялар ұйымдастырылып, телеарналарда Алаш қайраткерлерінің мұрасы дәріптеледі.

Ақпараттық жұмыс аясында мемлекеттік телеарналарда тақырыптық сериалдар мен деректі фильмдер көрсетіледі. Қазіргі күні биылғы жылы 31 мамырда телеарналарда көрсетілетін өнімдердің тізімі қалыптастырылуда, оның ішінде «Алаш» қозғалысына арналған бағдарламалар мен деректі фильмдер әзірленуде.

Бытыр Мәдениет және спорт министрлігі «Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссияның материалдары» архивтік жинағын басып шығарды.

Сонымен қатар Алаш қайраткерлерінің мұрасын жастарымызға жеткізу мақсатында 2023 жылы жалпы білім беру мектептерінде арнайы сынып сағаттары өткізілетін болады. Осындай шаралар жоғары және орта арнаулы оқу орындарында жоспарланған.

Биылғы 2022 – 2023 оқу жылында соңғы қоңырау дәстүрін Балаларды қорғау күнімен қатар 1 маусымда мерекелік іс-шара ретінде өткізу жоспарланған.

А. Көлгінов

Орындаған: Ә. Тұрғанбаев, 745674